

## Павлодар ауданы Кемеңгер ауылдық округінің Кемеңгер ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Павлодар облысы Павлодар ауданы Кемеңгер ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 25 тамыздағы № 1-03-4 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 тамызда № 6927 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар ауданы Кемеңгер ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № 1-03-7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар ауданы Кемеңгер ауылдық округі әкімінің 25.11.2020 № 1-03-7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және Павлодар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 29 шілдедегі № 2-36/298 ұсынысы негізінде, Кемеңгер ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар ауданы Кемеңгер ауылдық округінің Кемеңгер ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Кемеңгер ауылдық округінің әкімі*

*А. Вакпаев*